


Қазағыма құт боп кел, жылқы жылы!



облыстық
қоғамдық-саяси газет

1924 жылғы 26 қарашадан шыға бастады

Тұғырымыз – тыныштық, тірегіміз – тұрақтылық!



WWW.OKG.KZ • okgazeti@gmail.com

№108 (21770) СЕЙСЕНБІ, 30 желтоқсан, 2025 жыл

➤ Мереке қарсаңында

«Ертең елімізді сіздер дамытасыздар!»



«Ғажайыпқа толы Жаңа жыл!» атты Қазақстан Республикасы Президентінің атынан балалардың жаңажылдық шыршасы өтті. Мерекелік жиында әлеуметтік тұрғыдан аз қорғалған отбасы балалары мен республикалық, халықаралық олимпиадаларда жеңімпаз атанған 200-ден астам балаға Мемлекет басшысы атынан естелік хаттар мен түрлі тәттілер үлестірілді. Сондай-ақ, әр бүлдіршінге оқу құралдарына арналған сөмке, қазақтың ертегі кітаптары берілді. Оқуда озат болып, білім олимпиадаларынан жүлде алған бірнеше оқушыға 100 мың теңге көлемінде ақшалай сыйақы табысталды.

Салтанатты жиында облыс әкімі Нұралхан Көшеров бүлдіршіндерге ізгі тілегін білдіріп, олардың жарқын болашағы – мемлекеттің басты құндылығы екенін атап өтті.

– Қымбатты балалар! Қадірлі ұстаздар, ардақты ата-аналар! Баршаңызды Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Бүгін біз ерекше



көңілді мереке – Президент шыршасында бас қосып отырмыз. Мерекені көңілді де өсерлі етіп өткізейік. Дәл қазір еліміз бойынша Жаңа жылды өздеріңіздей 6 миллионнан астам бала қарсы алуда. Сіздер Жаңа жыл қарсаңында киелі Түркістанның көрікті орындарын аралап, тарихымен таныстыңыздар. Бұл – балалық шақтың жарқын естелігі болып жүректеріңізде сақталсын! Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Балалар –

еліміздің болашағы. Әр баланың бақытты, қауіпсіз ортада өсіп, жақсы білім алуы – мемлекеттің басты міндеті» деген болатын. Сонымен бірге Президентіміз биыл «Қазақстан балалары» бағдарламасын әзірлеуді тапсырды. Ал, оны іске асыру 2026 жылдан басталады. Аталған бастамалардың түпкі мақсаты – әр баланы жан-жақты дамытып, тұрақты қолдау көрсету. Сондықтан мемлекетімізде балалардың жарқын болашағы үшін жүйелі жұмыстар атқары-

луда. Облыста жаңа мектептер, спорт, мәдениет нысандары және «Жаңа буын орталықтары» салынууда. Биыл облыстың білімді оқушылары республикалық олимпиадаларда 400-ге жуық жүлде иеленді. Бұл – білімге деген құштарлық пен табандылықтың нәтижесі. Сіздерге айтар тілегім – білім алу-дан, армандаудан жалықпаңыздар. Ертең елімізді сіздер дамытасыздар. Бүгінгі шырша мерекесі сіздерге шабыт береді деп сенемін. Жаңа жыл құтты болсын, қымбатты жас достар! – деді Нұралхан Көшеров.

Мерекелік іс-шара аниматорлар, ертегі кейіпкерлері мен өнерпаздардың балаларды қарсы алуымен басталып, залда қатысушы балалар жаңажылдық шыршаны айнала қоршап, мерекелік атмосфераға бөленді. Іс-шара барысында театрландырылған қойылым көрсетіліп, балаларға ерекше әсер сыйлады.

Облыс әкімінің
баспасөз қызметі.

➤ Құттықтау

Отанымыз
мерекелі,
отбасыларыңыз
берекелі болсын!

Құрметті отандастар!
Қадірлі Түркістан облысының тұрғындары!

Сіздерді Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Өтіп бара жатқан жыл еліміз үшін маңызды өзгерістерге толы жыл болды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асырылып жатқан ауқымды реформалар өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына тың серпін беріп, халықтың тұрмыс сапасы жақсарды.

Бұл бастамалар Түркістан облысына да оң әсерін тигізіп, түрлі маңызды жобалар жүзеге асты. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету бойынша ауқымды жұмыстар атқарылды.

2025 жылдың 11 айында қысқа мерзімді экономикалық өсім 114,4%-ды құрап (3 орын), негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің оң өсімі қалыптасты. Өнеркәсіп өнімі көлемі 1,4 трлн. теңгеге жетіп, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда өсім 112,5%-ды құрады. Оны жыл соңына дейін 113,0%-ға жеткізу жоспарлануда.

Өсімге негізінен тау-кен, тамақ өнімдері, жеңіл өнеркәсіп және машина жасау салалары есебінен қол жеткізілді. Өңдеу өнеркәсібі саласында 665,8 млрд. теңгенің өнімі өндіріліп, өсім 110,9% деңгейінде қалыптасты.

Облыстың өнеркәсіптік әлеуетін дамыту мақсатында ағымдағы жылы өңдеу саласында 59 млрд. теңгеге 18 жобаны жүзеге асыру жоспарланса, 11 айда 12 жоба іске қосылды. Ауыл шаруашылығы – облыс экономикасының маңызды саласы. Жыл басынан бері бұл салада 1,2 трлн. теңгенің өнімі өндірілді.

Облысымызда терең өңдеу саласына, өндіріс орындарын көптеп ашуға, инвестиция тартуға басымдық берілген. Негізгі капиталға 1,4 трлн. теңге инвестиция бағытталып, өсім 123%-ды құрады. Биыл 58 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланып, 11 айда 44 жоба іске қосылып, 6 637 жаңа жұмыс орны ашылды.

Құрылыс жұмыстарының көлемі 493,2 млрд. теңгені құрап, өсім 127,8% деңгейінде қалыптасты. Жыл соңына дейін өсім 128%-ға жетеді. Он бір айда 1 092,4 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріліп, өсім 105,5%-ды құрады. Жылдық жоспар артығымен орындалды. Бұл көрсеткіштердің бәрі – Түркістан жұртшылығының есепі еңбегі мен мызғымас бірлігінің нәтижесі.

Ардақты ағайын!

Жаңа жыл – отбасылық мереке, жылылық пен сыйластық және мейірім салтанат құратын айрықша сәт.

Тарих қойнауына еніп бара жатқан жылан жылында еліміз түрлі белестерден өтті. Келе жатқан жылқы жылы Қазақ елі үшін табысты әрі жемісті жыл болсын!

Сіздерді Жаңа жыл мерекесімен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, бастамаларыңызға табыс тілейміз!

Ұлағатты ұрпағымыз аман болып, Тәуелсіз Қазақстанымыз, тұғырлы Түркістанымыз мәңгі жасай берсін!

Жаңа жыл құтты болсын!

Нұралхан КӨШЕРОВ,
Түркістан облысының әкімі.

Нұралы ӘБІШОВ,
Түркістан облыстық
мәслихатының төрағасы.

➤ Қысқа-нұсқа



➤ Шикізаттан – индустрияға!

Мақта кластері – экономиканың жаңа тірегі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауларында еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының басты бағыты ретінде экономиканы әртараптандыруды, нақты секторды күшейтуді, өңдеу өнеркәсібін дамытуды және инвестиция тартуды жүйелі түрде атап өтіп келеді.

Осы мақсатта агроөнеркәсіптік кешенді жаңғырту, ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу, заманауи технологияларды енгізу және жаңа өндірістер ашу мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының біріне айналды.

Аталған бағыттар аясында Түркістан облысында ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Соның ішінде ауыл шаруашылығы саласының бір тармағына тоқталып өтуді жөн санап отырмын.

Өздеріңіз білесіздер, Түркістан облысы ауыл шаруашылығы саласы бойынша республикада көшбасшы өңірлердің санатында.



(Соңы 3-бетте).

➤ Баспасөз – 2026

«Оңтүстікке» жазылу жүріп жатыр

«Оңтүстік Қазақстан» газетіне 2026 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу барысы жайлы МӘЛІМЕТ

(2025 жылдың 30 желтоқсанына дейінгі көрсеткіш)

р/с	Аудан, қала аттары	Жазылғаны
1.	Ордабасы	2558
2.	Қазығұрт	2292
3.	Сарыағаш	2251
4.	Сайрам	2069
5.	Төлеби	1896
6.	Отырар	1802
7.	Созақ	1778
8.	Бәйдібек	1461
9.	Түлкібас	1442
10.	Шардара	1416
11.	Түркістан	1178
12.	Мақтаарал	1093
13.	Келес	1033
14.	Жетісай	1022
15.	Арыс	868
16.	Кентау	846
17.	Сауран	783
18.	Шымкент	1430
	Барлығы	27218